

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ISSUES OF PUBLIC ADMINISTRATION ВОПРОСЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

ҚОҒАМ ТОПТАСТЫРУ ПРОЦЕСІ: ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҚАТЫНАСЫНДА

ӨОЖ 323.2

Аңдатпа. Мақалада автор қоғам топтастыру процесіндегі ұлттық идея мен рухани жаңғыру қатынасын зерделейді. Нәтижесінде, рухани жаңғырудағы қоғамдық сананы ұлттық идеяның әлеуетін қолданудағы қажетті компонент ретінде қарастырады. Өзекті идеяның ұлттық кейіпке енуі үшін алдымен қоғамдық сананың жаңғыруы процесінің айналымы керектігі негізделеді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына түбегейлі негізде контент-талдау әдісімен кешенді зерттеу жасалды. Контент-талдау әдісі QDW Miner және WordStat бағдарламасының функционалды ерекшеліктеріне сәйкес бастауыш, анықтауыш, және де кейбір есімдік сөздері сұрыпталды. Кілт сөздер бойынша зерттеудің негізгі тірек мәні нақтыланды.

Талдауда қайталану жиілігі бар сөз/сөз топтарының қайталану саны (құжатты талдау жиынтығының барлық қайталамадағы саны) 45-тен кем емес жиілікті құрайды.

Тірек сөздер: қоғам, топтастыру, ұлттық идея, рухани жаңғыру, қоғамдық сана, саяси бірігу.

JEL: R 58

Аннотация. В данной статье автор изучает соотношение национальной идеи и духовной модернизации в процессе консолидации общества. В результате общественное сознание рассматривается как необходимый компонент в потенциальном использовании национальной идеи. Обосновывается необходимость прохождения завершеного цикла процесса модернизации национального сознания для обретения актуальной идеей национального облика.

Также в статье проведен контент-анализ статьи Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». В соответствии с особенностями программ QDW Miner и WordStat проанализированы подлежащие, определения и некоторые местоимения. По ключевым словом конкретизированы содержание, основное опорное значение исследования.

Анализу подвергались только те слова/группы слов, сумма упоминаемости которых (число упоминаний во всей совокупности анализируемых документов) составляла не менее 45.

Ключевые слова: общество, консолидация, национальная идея, духовная модернизация, общественное сознание, политическая интеграция.

JEL: R 58

Abstract. In this article, the author studies the correlation of the national idea and spiritual modernization in the process of consolidation of society. As a result, public consciousness is seen as a necessary component in the potential use of the national idea. The necessity of completing the completed cycle of the process of modernization of the national consciousness for acquiring an actual idea of a national image is substantiated.

Also in the article, a content analysis of the article of the Head of State "A look into the future: modernization of public consciousness" was conducted. In accordance with the features of the QDW Miner and WordStat programs, the subject, definitions and some pronouns are analyzed. The content, the main support value of the study, is concretized on the key word.

Only those words / groups of words were subjected to analysis, the amount of mentioning of which (the number of mentions in the entire set of analyzed documents) was at least 45.

Keywords: society, consolidation, national idea, spiritual modernization, public consciousness, political integration.

JELcodes: R 58

НҰРБЕК СЕРІКҰЛЫ
ПҰСЫРМАНОВ¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің саясаттану докторанты

Қазіргі саяси ғылым теориясында ұлттық идея саяси категория ретінде тиісті анықталмағанымен мемлекеттің саяси жүйесінде өзіндік орнын үнемі байқатып отырады. Әсіресе, мемлекеттік-ұлттық құрылыстағы аса қажетті саяси жүйенің рухани-мәдени, саяси-идеологиялық компонентіне айналады.

Кез келген мемлекеттің бұл тұрғыда ұлттық идея мәселесіне қатынасы алуан, бірақ жүйедегі қолдану қызметі біртұтас болып табылады.

Ұлттық идея мемлекеттің мақсат-міндеттер, болашақ бағдары туралы перспективалық және кемелденуге ұмтылыс әрекеттерімен тығыз байланысты. Қоғамды саналы қайшылықсыз саяси топтастыру үшін де әлеуетті идея ұлттық кейпіне енуі керек. Ұлттық идея, Елбасы Н. Назарбаев «Тарих толқынында» еңбегінде атап көрсеткендей, табиғатынан ұлттық тарих кеңістігінде орналасады. Осы ойды жалғай отырып, Мемлекет басшысы былайша сипаттайды: «Ұлттық идея қоғамның өз ішінде пісіп жетіледі. Онда сырттан таңылған сипат болмайды. Ол ең алдымен өзінің ұлттық тұтастығын айқын түсінуге негізделеді» [1, 237-б]. Міне, бүгінгі Қазақстан қоғамы тұрғысынан ұлттық тұтастығын сезіну, ұғыну, тиісті жалпыұлттық мойындау, мойынұсыну проблемаларына сәйкес жауапты ұлттық идея орнықтырады.

Ғылыми теорияға сүйенсек, Ресей зерттеушісі К. Иманалиев «Ұлттық идея өтпелі кезең қоғамын саяси топтастырушы фактор ретінде (Ресей және Қырғызстан мысалында)» атты саяси ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін әзірленген диссертациясының 26-27-беттерінде саяси идея құрылымын екі деңгейде көрсетеді:

1. теориялық, қоғамдық және күнделікті сана.
2. қоғамдық психология мен идеология [2, 26-27-б].

Оның пайымдауынша, қоғамдық сананы шартты түрде келесіге бөлуге болады: саяси, құқықтық, адамгершілік сана (саясат, құқық, мораль адам қатынастарымен реттеледі). Теориялық сана – ғылым, өнер, философия – шынайылықтың рухани көрінісі мен рухани түрдің практикалық игерілген шынайылығы. Жоғары саналық қызметтің түрі – қоғам мен табиғи заңдылықтарға сәйкес жүзеге асырылатын қызмет, заңдарды қолдана отырып тануға негізделген қызмет болып табылады. Ал, күнделікті сана – қызметтің практикалық процесінде туындайтын дұрыс ой, мағына. Бірақ оның нәтижесі мен ұсынысы

«сенімсіз». Олар тәжірибелік қызметке, эмпирикалық жинақтауға негізделеді.

Екінші деңгейдегі қоғамдық психология – саяси ұрандар, түрлі кездесетін саяси идеялар. Қоғамдық психология саяси сананы қалыптастыратын орта. Идеологияның саяси психологиядан ерекшелігі адамдардың қоғамдық қызметтерінен көрініс таппайды. Олар идеологтармен, ойшылдармен, саясаткерлермен құрылады. Саяси сана деп, саяси идеологияның бір құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Ол идеологиямен тығыз байланысты, немесе саяси теорияларды, бағдарлама, доктрина, декларация рәсімдеуде саясат жағында мәнін білдіреді [2, 26-27-б].

Украин ізденушісі О. Пашкова «Ұлттық идея Украин қоғамын топтастырудың факторы ретінде» атты зерттеу жұмысында ұлттық идея топтастыру функциясына сәйкес жүйе құраушы қызметін иеленуі, оның практикалық жүзеге асырылуы мемлекеттілікті бекітетін процестің тиімді динамикасы, ұлт үдерісін аяқтау процесі, ұлттық және қоғамдық-саяси сәйкестіктің (құндылықтар-сәйкестік қызметі), қоғам мен ұлттың даму процесін болжайды (болжамдық қызмет) және ұлттық идеяның тәрбие, әлеуметтендіру, тұлғалық рухани үндестікте дамуына ықпал ететіндігін атап көрсетеді [3, 21-б].

Отандық зерттеуші Ә. Қайдарованың пайымына сәйкес, «ұлттық идея бір жағынан рухани-адамгершілік категория, екінші жағынан, саяси субъектілер мен институттардың, ең алдымен мемлекеттің тәжірибелік қызметімен және бағдарламалық құжаттарымен іске асырылатындықтан ол міндетті түрде саяси компонентті қамтиды. Ұлттық идея негізінен елдегі саяси тәртіпті заңды деп танытатын және интегративті сипатқа ие идеологиямен нақтыланады және рационалданады. Бұл екі категория олардың негізінде жатқан бірқатар ортақ қызметтер, мәндер, құрылымды элементтер арқылы бір бірімен өзара байланысты» [4, 9-б].

Осы іргелі зерттеулердің тұжырымдарын қорыта отырып, ұлттық сана ұлттық идеяның ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Олардың өзара қатынастары қоғам дамуын анықтайды.

Осы бағытқа сәйкес Қазақстандық қоғамды жетілдіру үшін қоғамдық сананы тазалау және оған жаңа қазақстандық сана-сезімді орнықтыру, қазақы рухты игерту, жаңа құндылықтардың қалыптасуы, жаңа саяси ойдың қалыптасуымен сипатталады.

Елбасымыз Н. Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарих толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр. Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет» [1, 56-б], - дегені саяси шындықтың көрінісіне айналды.

Қазіргі Қазақстан қоғамы келбетінде мынадай жай-күй көрініс табуда: біріншіден, бүгінгі Қазақстан қоғамында түрлі саяси-идеологиялық пікір алауандығы толысты; екіншіден, ортақ мүдделер түрліше жіктеліп, саяси мүдделік жарылу анықталып отыр; үшіншіден, дүниетанымдық көзқарастар мен ұстанымдар алуандығының қайшылығы күнделікті еңбек қатынастарында да көрініс табуы; төртіншіден, кіші буын мен аға буын арасындағы мәдени-рухани алшақтық, құндылықтардың сарқылуы, керісінше құндылықтардың ішінара қақтығысы орын алып отыр.

Тұтастық күйде, мемлекет құраушы қазақ ұлты ұлтшылдығының (национализм) табиғи қайта өрлеуі және сыртқы саяси ойындағы жаһандық әдістердің тікелей ықпалының күшеюі де қазіргі саяси күн келбетінде айқын сахналанып келеді.

Осы ретте, бір топ ғалымдар «Қазіргі Қазақстанның шынайылығында Қазақстан адамдарының ұлтшылдық бастауының бағдары не болып табылады?» деген сауалға келесідей жауап қалыптастырады:

«Біріншіден, тарихи реніш пен әлеуметтің күтілудің орындалмауы;

Екіншіден, қоғамның әлеуметтік жіктелуі, титулды этнос өкілінің жоғары әлеуметтік жағдайды қабылдауға ұмтылысы (кадрлық ұлтшылдық), бизнес және нарық еңбегіндегі барған сайын көбірек бәсекелестігі.

Үшіншіден, тұрғындардың белгілі бір бөлігінің маргиналдандуы, индивид ретінде әлеуметтік сәйкестілікті жоюды білдіруі, соның салдарынан олардың мәртебесі-рөлдік сипаттамаларын өзгертуге кіріс деңгейі, билікке деген қатынасы, т.б.» [5, 40-41-б].

Өз кезегінде келесі топтасқан ғалымдардың ізденушілік еңбегінде ұлттық-мемлекеттік сәйкестік қалыптастырудың мықты дәлелдерінің бірі ретінде жаһандану үстіндегі әлемде азаматтық сәйкестік басты дүние болудан қалады деген пайымдар қарастырылады. Азаматтық мемлекеттік құрылыстың жаңғыруымен ұштасатын жаңа сұлбалар мен сипаттамаларға ие болады және этносаралық қатынастар мен сәйкестіктің жаңа түрлерін реттеу құралдарының біріне айналады. Ұлттық-мемлекеттік құрылыстың

«таза азаматтық» үлгісі пікірталас мәселесі болып қалады. Солай бола тұра, әлемде қазіргі бірден-бір ұлт толыққанды «этностық» немесе «азаматтық» бола алмайтыны айқын, бұл екі бастау да қай уақытта болсын ылғи азды-көпті орын алады.

Ұлт құрудың іргелі негізі болып табылатын ұлттық-мемлекеттік сәйкестіктің саяси түзілісі көптеген компоненттерден тұрады. Олар:

– этномәдени плюрализмнің пәрменді саясатының және ұлттық идеологияның өзегін іздеу;

– «эралуандылықтың бірлігі» қағидатын одан әрі институционалдау»;

– жанжалдарды мәмілеге келу арқылы жайластыру;

– қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;

– этносаралық қарым-қатынастың толерантты мәдениетін және мәдениетаралық диалог қалыптастыру;

– елдің барлық азаматтарының біріктіруші фактор болып табылатын мемлекеттік тілді міндетті түрде меңгеруі;

– этностар дамуының тарихи ерекшеліктерін білу және ескеру;

– қоғамдық келісім мен бірлесу қағидаттарын жасау;

– қоғамдық қатынастар жүйесіне ынтымақтастық пен жауапкершілік қағидатын енгізу [6, 16-б].


Орталық Азия ұлттық мүддесі тұрғысынан стратегиялық балансты анықтауға тырысқан А. Ноғаеваның зерттеу монографиясы жаһандық күштердің Орталық Азиядағы саяси ойындарын келесідей суреттеп көрсетеді: «Кеңестер одағындағы ортақ тарих, аймақтағы орыс халқы әлі де еркін қолданыстағы орыс тілі Ресейді өзге күштерден ерекшелеп, оны аймақтағы қауіп ретінде қабылдамайтын фактор болып табылады. Орыс халқы мен орыс тілі Ресейдің аймақтық саясатындағы ең маңызды құралдарының бірі. Орыс халқының басым тұратын аймақтары Қазақстан мен Қырғыстанда орыс тілі әлі күнге ресми тіл болып саналады. Аймақ халқы арасында орыс тілін білу мәртебе болып есептелетіні жасырын емес. ...АҚШ-тың демократиялық қоғамның негізін құраушы азаматтық қоғам ұйымдары мен еріктілер Орталық Азия саясатын жүзеге асырушы факторлар болып есептеледі. Американың жаһандық деңгейде таратуға бағытталған «азаттық», «демократия» секілді ешкімнің қарсы шыға алмайтын ұранға айналдырған ұстанымдары Орталық Азиямен қарым-қатынасында жеміссіз болуы мүмкін. ...АҚШ тарапынан Қытай фобиясын азайту мақсатында «психологиялық бөгеттердің» жойылып бара жатқанын аңғаруға болады.

Бұған Қытайдың Орталық Азияға бағытталған саясаты жемісті жұмыс атқарды дей аламыз. Мәселен, Қытайдың аймаққа жасаған инвестициясы маңызды рөлге ие, бұл бастамаларды атақты Stratfor сараптама компаниясы тарихтағы «Маршалл жоспарының заманауи типі» деп атап үлгерген. Қытай бұл саясатты әлемге қолданардың алдындағы

салалардың барлығында жаңғыртуға әсер етеді.

Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қоғамдық сананы жаңғыртудың ең басты шарты ретінде үш ерекшелікті көрсетті:

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер



■ Бағдарламалық мақаладағы жиілік саны

көршілерге сынақ ретінде қолданады деп күтілуде» [7, 15-18-б].

Мемлекеттің ішкі саясаты сыртқы саясатқа ықпалын байқатса, керісінше сыртқы саясатта ішкі саясатқа өз әсерін әкелетіндігін жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан да жоғарыдағы тұжырымды пікірлерді назарға ала отырып, ұлттық идеяның мемлекеттік-ұлттық құрылыстағы үш өлшемін дәйектеуге болады: жергілікті өлшем; ұлттық өлшем (республикалық) және жаһандық (ғаламдық) өлшем.

Осы бағыттар мемлекеттік саясаттан тиісті ұлттық жобаларды барынша жылдап әрі заманауи тетіктермен қалыптастыру, сауатты жүзеге асыруды талап етеді. Мемлекеттік саясаттың модернизацияны жүргізуімен қоғамдық институттар да бірге модернизацияны іске асыруы тиістігін ескеруіміз қажет.

Ішкі түйсікті күшейту мен жаһандық сын-қатерде ұлттық кодымыздың шайылмауына тосқауыл орнату әрбір Қазақстан азаматының туа біткен патриоттық миссиясы болып табылады. Бұл ретте, саяси жүйеде идеологияның өз функциясын иеленуі ғылым жетістігі дәлелдегендей қоғамдық

шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава – Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі [8].

Осы бағдарламалық мақала ұлттық идеяның жергілікті өлшеміне сай келетін «Туған жер» идеясында күн тәртібіне шығарып, жаңа қазақстандық патриотизмнің қайнар бастауын тұтандыруға себеп қалыптастыруда.


Жүргізілген контент-талдауға сәйкес бағдарламалық мақалада барлығы - 3871 сөз бар, оның 31 > 10 (он реттік қайталамадан артық) 2078 < 10 (он реттік қайталамадан кем), жиілік қайталанатыны 2109 сөз (кесте 1).

Кесте 1. Бағдарламалық мақаланың сандық көрсеткіштері

Тиісті мақалада ең көп қолданылатын сөздер қатарында «мен» – 58, «бұл» – 38, «және», «керек» сөздері – 31 рет. Айта кету керек, «мен» сөзі мақалада Президенттің тұлғалық қызметі немесе императив рөлін емес, керісінші сөздерді байланыстырушы ретінде қолданылады. Салыстырмалы түрде қарасақ, «...мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын» [8] деген сөйлемдік құрылым бір рет қана пайдаланылады.

2-кестеде көрсетілгендей, «ұлттық» – 30, «жаңа» – 24, «біз» – 23, «туған» – 22,


«жаңғыру» – 18, «мәдени» – 15, «білім» – 14, «жер», «рухани» – 13, «қазақ» – 11, «ұлт» – 10 рет өрнектелген. Осы жерде, ұлттық сөзі өзіміздің ерекшелігімізді айқындаушы ретінде, «жаңа» сөзі дамушы мемлекетке тән ұғым ретінде қызметке ие. «Мәдени», «білім», «рухани», «ұлт» жаңғырудың басымдықтарымен бірге мемлекеттің қуаттылығы сипаттамасының тәуелділігі болып отыр. Қазақ сөзінің жиілігінің артуы мемлекет құраушы ұлттың қайта өрлеу негізімен байланыстырылады.



Кесте 2. 10 санынан артық (10<) жиілік көрсеткіштер бойынша

Ал, 3-кестеде 10> реттен төмен қолданылатын сөз тізбегі анықталған. Осы кестеде 7 рет жиілікте қолданылған сөздер қатарында «өмір», «адам», «бәсекелестік», «жаһандық» ұғымдары күнделікті саяси өмірмен тығыз байланысты болса, сондай-ақ, «латын» сөзінің белгіленуі бұл табиғи


қажеттіліктен туындап отыр. Өйткені, мемлекеттің ұлттық бірегейлігі алдымен этносаясат теориясы дәлелдегендей, тіл, содан кейін мәдениетпен айқындалады. Ал, заңнамалық құжат бойынша тиесілікті жатқызу азаматтық алған негізде автоматты таңылады.



Кесте 3. 10 санынан төмен (10 >) жиілік көрсеткіштер бойынша

Осыған қоса, «тарих», «тарихи», «тарихтың» сөздерінің жиі қолданылуы ортақ тарих аясында біріктіру рөлін айқындайды және ұлттық сананың тарихи санадан

сабақтасатындығының дәлелі болып келеді. Ұлттық кодтың да тұтас бейнесі мен бағдары қасиетті тарихымызда шоғырланғаны белгілі.



Кесте 4. Сөз тіркестерінің жиілік көрсеткіштері бойынша

Контент-талдауда сөз тіркестері бойынша сұрыпталған нәтижелікте барлығы сөз тіркестерінің – 9309 саны белгіленіп, қолданылу жиілігі min-2, max-5, жиілік – 3 негізіндегі талдауда – 24 сөз тіркесі сұрыпталды. Соның 11-і төмендегі 4-кестеде анықталған.

4-кестеде басқа сөз тіркесінің саны – 13 (Басқалары – 53,5%). Басқа сөз қатарында

«сол себепті», «белгілі бір», «жүйелі түрде», «болуы мүмкін», «ұлан ғайыр» т.б. сөз тіркестері бар. Ал қалған проценттік мән жоғарыда үлестендірілген. Сандық көрсеткіш бойынша «туған жер» – 6, «бәсекелік қабілет», «білім беру», «туған жерге», «туған жердің» – 4, «ағылшын тілін», «жаңа есім», «зиялы қауым», «латын әліпбиіне», «рухани жаңғыру», «ұлттық сананың» – 3 реттен көрініс тапқан.

Өзара байланыстық категория бойынша «жаңғыру», «жаңа», «туған», «жер», «мәдени», «рухани» ұғымдары анықталып отыр. Жалпы бағдарламалық мақалада қолданылған жоғары жиілікке ие сөздер мақаланың тірек сөз кілті болып табылады.

- 1) мемлекеттің інжу-маржандарын жинақтау;
- 2) бүгінгі процестерді (саяси тұрақтылықта) жүргізу үшін қызмет ету;
- 3) болашақ бағдарына шамшырақ (болашақ қандай болады? сауалына жауап).

Мемлекет Басшысы Н.Назарбаев 2017 жылғы 26 сәуірде өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясында кіші отан, үлкен отан ұғымдарын қолданды. Осы жердегі үлкен отан ұлттық өлшем бірлігі. Ал, кіші отан ол этностардың түпкі отаны болып келетін аймақ немесе мемлекетпен байланысты, дегенмен Қазақстан Республикасында тұрып өсіп-өніп жатқандықтан үлкен отанды сүю керектігін қадап айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының рухани жаңғыруға белсене атсалысатынына сенім білдіріп, Ассамблея мүшелеріне өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін бірқатар жобаға тоқталды.

– Бірінші. «Туған жер» жобасы Ассамблея үшін зор мүмкіндіктерге жол ашып береді. Екінші. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына Ассамблея тікелей қатысып, басы-қасында жүруі керек. Біздің қаншама замандастарымыз, қаншама Ассамблея белсенділері ел игілігі үшін риясыз қызмет етіп жүр. Ұлтына, қай өңірден екеніне, жынысына қарамастан біз олардың барлығын елге таныта

білуіміз керек. Мұнда қойылатын талап біреу ғана, ол – азаматтың Қазақстан дамуына қосқан үлесі. Үшінші. Ассамблея «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасына табысты атсалыса алады. Сондай-ақ, Елбасы Н.Назарбаев жастардың сана-сезімін қалыптастыру үшін айрықша маңызы бар «Жаңа гуманитарлық білім» жобасын атап өтті [9]. Осы сессияда Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғам топтастырудағы рөлі, мемлекеттік органдармен тұрақты және күнделікті жұмыс жасауы басты нысанға орнықтырылды.

Қорытындылай келе, ұлттық идея ұлттық кейпіне енгеннен кейін тиісті қызмет өрісін игеретін болады. Ал, оған дейін ұлттық кейіпке ену мәселесі алдымен бүгінгі күннің өзекті тақырыбына орналасуы керектігін көрсетеді. Контент-талдау зерттеу қорытындысына сәйкес анықталған ұғымдар қазіргі Қазақстан қоғамын ұлттық топтастыру процесінің кілттік идеялық базасын құрайтындығы болжанды. Қоғамды идеялық саяси топтастыруда «жаһандық» факторларға да алаңдаушылық байқалатындығы тұжырымдалды. Ұлттық бірігу аясында ұлттық идея мәселесін рухани жаңғырудағы ұлттық санамен байланыстықта қарау қажеттігі анықталды. Сондай-ақ, еліміздің қасиетті тарихын мәдени-рухани, тарихи-саяси сабақтастықта кешенді үндестіру мүмкіндігінің әлеуетін Қазақстан қоғамды ұлттық бірігуде пайдалану керектігін атап көретуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә., «Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра: 1999. – 296 бет.
2. Иманалиев К.К., Национальная идея как фактор политической консолидации общества переходного периода (на примере России и Кыргызстана) // Диссертация на соискание ученой степени кандидата политических наук. Москва, 2002. – 211 стр.
3. Пашкова О.Б. Національна ідея як чинник консолідації українського суспільства// автореферат дисертації на здобуття наукового ступеня кандидата політичних наук. Київ, 2008. – 21с.
4. Қайдарова Ә.С., Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау)// Саяси ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Алматы, 2010, - 259 бет.
5. Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н., Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане. Учебное пособие для вузов. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2002. – 305 с.
6. Қазақстан Республикасы мемлекеттік этносаясат императивтері. Мемлекеттік органдарға арналған талдау материалдары мен әдістемелік ұсынымдар. Императивы государственной этнополитики Республики Казахстан. Аналитические материалы и методические рекомендации для государственных органов. – Астана, 2012. – 516 бет. – қазақша, орысша.
7. Ноғаева А. М., Стратегиялық баланс: АҚШ, Ресей және Қытай Орталық Азия аймағында. Монография / Ноғаева А.М., - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2014. – 342 бет.
8. Мемлекет Басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылғы 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық республикалық газетінің № 70 (29051) саны.
9. Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясына қатысты, 26 сәуір 2017 // <http://www.akorda.kz> [Электронный ресурс] http://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/nursultan-nazarbaev-kazakhstan-halky-assambleyasynyn-xxv-sessiyasyna-katysty.